

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**ҮуNZZ 4308 «Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік»
6B07303 «Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы**

**Семестр – 7
Курс -4
Кредит -6
Күндізгі бөлім**

Алматы, 2025 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған – PhD, аға оқытушы Рашева Г.К.
«6B07303, Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы негізінде жасалынды.


Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып
ұсынылды.

№ 21 Хаттама «24» маусым 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор  Г.А. Куаналиева

Білім беру және оқыту сапасы бойынша академиялық комитетпен
мақұлданды.


№ 11 хаттама «25» маусым 2025 ж.

Төрайымы  А.А. Урисбаева

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды.

№ 10 хаттама «26» маусым 2025 ж.

Ғалым хатшы  Г.М. Атаханова



Кіріспе

«БВ07303, Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады.

4 курс, күндізгі бөлім студенттері үшін «Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік» пәні бойынша қорытынды емтихан жазбаша түрде офлайн режимінде өтеді.

Емтихан - қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит тәлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент университет бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтиханға дайындықтың негізгі тақырыптары:

Тақырып 1. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік: түсінігі, пәні, құқықтық реттеу әдістері.

1. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік: заңнаманың міндеттері,
2. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік: мақсаттары,
3. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік: қағидалары.

Тақырып 2. Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік заңнамасының тарихы.

1. Қазақстандағы жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік саласындағы заңнаманың дамуы тарихы
2. Қазақстандағы жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік саласындағы заңнаманың даму тенденциялары.

Тақырып 3. Жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік түсінігі.

1. Жер заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік түрлері.
2. Жер қатынастары саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлері.
3. Айыппұлдар және өзге де әкімшілік ықпал ету шаралары

Тақырып 4. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік.

1. Жерді заңсыз пайдаланудан келтірілген залал үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік түрлері.
2. Жер заңнамасын бұзудан келтірілген залалдарды өтеу.
3. Бұзылған жер құқықтарын қалпына келтірудің құқықтық тетіктері.

Тақырып 5. Қылмыстық жауапкершілік түсінігі. Жер заңнамасын бұзумен байланысты қылмыстық қылмыстар. Жер саласындағы қылмыстардың құрамы. Жер қатынастары саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жазалар.

Тақырып 6. Тәртіптік жауапкершілік белгілеу ерекшеліктері.

1. Тәртіптік жауапкершілік түсінігі, мақсаты.
2. Тәртіптік жауапкершіліктің түсінігі мен негіздері.
3. Лауазымды тұлғалардың жер заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілігі. Тәртіптік жаза түрлері

Тақырып 7 Экологиялық жауапкершілік.

1. Жер ресурстарын пайдалануға байланысты экологиялық бұзушылықтар.
2. Жер саласындағы экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шаралары.
3. Бұзылған экожүйені қалпына келтіру және оның деградациясы үшін жауапкершілік

Тақырып 8. Жерді нысаналы пайдалануды бұзғаны үшін жауапкершілік.

1. Жер учаскелерін нысаналы пайдалану ұғымы мен мақсаттары.
2. Жерді мақсатсыз пайдаланудың салдары.
3. Жерді пайдалану мақсаттарын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік шараларын қолдану

Тақырып 9. Жер салығына қатысты жауапкершілік түсінігі және жалпы сипаттамасы. 1.

Жер салығы: тәлеу тәртібі мен мерзімі.

2. Жер салығын төлемегені үшін жауапкершілік.
3. Салық берешегін өндіріп алу жөніндегі шаралар

Тақырып 10. Қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзғаны үшін жауапкершілік.

1. Қорғалатын табиғи аумақтар және олардың құқықтық режимі.
2. Қорғалатын табиғи аумақтардағы бұзушылықтардың түрлері.
3. Қорғалатын аумақтардың құқықтық режимін бұзғаны үшін жауапкершілік

Тақырып 11. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік.

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану тәртібі.
2. Аграрлық саладағы бұзушылықтардың түрлері және жауапкершілік шаралары.
3. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мәжбүрлеп алып қою

Тақырып 12. Жердің ластануы мен деградациясы үшін жауапкершілік.

1. Жердің ластану түрлері және олардың құқықтық салдары.
2. Топырақтың деградациясы үшін заңды жауапкершілік.
3. Жердің ластануынан келтірілген залалды өтеу

Тақырып 13. Жер учаскелерін жалға алу кезіндегі бұзушылықтар үшін жауапкершілік.

1. Тараптардың жалдау қатынастарындағы құқықтары мен міндеттері.
2. Жерді жалдау шартының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік.
3. Жалдау шарттары бұзылған кезде өндіріп алу шараларын қолдану ерекшеліктері.

Тақырып 14. Жер учаскелерін жекешелендіру кезіндегі бұзушылықтар.

1. Жекешелендіру кезіндегі заңсыз әрекеттер үшін жауапкершілік.
2. Жерді жекешелендіру тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік.
3. Жерді жекешелендірудің құқықтық аспектілері.

Тақырып 15. Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен құқықтық қарым-қатынасы.

1. Екі жақты келісімдер, дауларды шешу тәртібі.
2. Жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі бойынша қазақстандық және шетелдік заңнаманы салыстырмалы талдау

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі // «Әділет» АҚЖ сайтында Электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442>;

2. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz>;
3. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 212 Салық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212>;
4. Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы - Алматы : Жеті Жарғы, 2008. - 326 б
5. Айгаринова А.Т., Джангабулова А. К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы - Әл - Фараби атындағы. Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 447 б
5. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Юрист баспасы, Алматы 2009 – 216б.

Интернет-ресурстар: Оқу материалы-дәріс тезистері Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу, сондай-ақ үй тапсырмаларын, жобаларды, СӘЖ орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік материал сіздің сайтыңыздағы бетте қол жетімді www.univer.kaznu.kz. ПОӘК бөлімінде.

Емтихан өткізу ережелері

2.Емтихан форматы - off-line, жазбаша емтихан бойынша нұсқаулық

Жазбаша емтиханды тапсыру процесі «Univer» ақпараттық жүйесіне енгізілген емтихан сұрақтарының негізінде автоматты түрде жасақталу арқылы жүреді. Офис-тіркеуші әзірлеген келу парақтарымен пән бойынша жасақталған билет тер деканат қызметкерлерімен off -line режимде емтихан өткізу үшін басып шығарылады. .

Емтиханның өтуін бақылау:

Off-line режимде өтетін емтиханды пәнді оқыту процесіне араласпаған кезекші оқытушы бақылайды. Емтихан қабылдайтын аудиторияда дыбыс жазу құрылғылары барбейнебақылау камералары орнатылады. «Univer» ақпараттық жүйесіне енгізілген емтихан сұрақтарының жалпы саны – 30.

Off-line режимде өтетін емтиханды ұзақтығы:

Жасақталған 3 сұрақтан тұратын емтихан билетіне жауап беру үшін әрбір білім алушыға 120 минут уақыт беріледі.

Өткізу регламенті.

Off-line режимдегі емтихан алдын ала білім алушылар мен оқытушыны ескерте отырып кесте бойынша өтеді.

Off-line режимде өтетін емтихан басталуға 15 минут қалғанда кезекші оқытушы білім алушыларды отырғызады. Отыратын орындары көрсетілген келу парақтары толтырылады.

Кезекші оқытушы Off -line режимде өтетін емтиханға келген білім алушыны жеке куәлігі бойынша тексереді.

Off-line режимде өтетін емтиханға білім алушының орнына бөтен адам келген ретте осы бұзушылық тұрасында хаттама толтырылады.

Емтиханға өзімен бірге шпаргалка, ұялы телефон, смарт-сағаттар және т.б. техникалық құрылғылар мен өзге де рұқсат етілмеген ақпарат алу құралдарын алып кіруге немесе пайдалануға, өзге білім алушылармен не бөге адаммен сөйлесуге, біреудің ТАӘ немесе басқа да жеке басын куәландыратын жауап парақтарын көшіруге тиым салынады.

Аталған жағдайлар орын алғанда хаттама толтырыла отырып, тәртіпті бұзушыға осы пән бойынша

«F» (қанағаттанарлықсыз) бағасы қойылады. Акті шағымдануға және апелляциялық тәртіпте қарауға жатпайды.

Емтихан қорытындысы бойынша жауаптарды тексеру және алған балын «Univer» ақпараттық жүйесіндегі аттестациялық ведомостьке енгізу уақыты – 48 сағатқа дейінгі уақытты қамтиды.

Бағалау саясаты:

Критериялды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

Қорытынды бақылауды бағалау критерилерінің рубрикаторы
Пән: «Жер заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік». Форма: с т а н д а р т т ы
жазбаша (офлайн). Платформа Универ жүйесі

1-Сұрақ Макс балл 33					
Балл	ДИСКРИПТОРЛАР				
	«Әте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
Критерий	27-33	20-26 балл	14-19 балл	7-13 балл	0-6 балл
Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу тұжырымдамаларын түсінуі	Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу туралы теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу туралы теориялар мен тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.	

2-Сұрақ Макс балл 33				
Балл	«Әте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
критерий	27-33	20-26 балл	14-19 балл	7-13 балл
Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу негізгі мәселелерін ұғынуы	Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзуды салыстыруды жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу	Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу заңнамаларды салыстыруды байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салыстыруда байланысы шектеулі. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салыстыруда байланысы шамалы немесе жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.

	(мысалы, салыстырмалы құқықтық немесе статистикалық талдау негізінде).			
3-Сұрақ Макс балл 34				
Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
критерий	27-33	20-26 балл	14-19 балл	7-13 балл
Саясат ұсынысы немесе практикалық	Қазақстанда жер құқығы	Қазақстанда аграрлық саланы, жер қатынастарын мемлекеттік реттеуді	Қазақстанда жер құқығы саласындағы, жер	Қазақстанда жер құқығы саласындағы жер қатынастарын мемлекеттік реттеу бойынша
ұсынымдар / ұсыныстар	саласындағы, жер қатынастарын мемлекеттік реттеу бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	жетілдіру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады	қатынастарын мемлекеттік реттеу бойынша шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Саясат пен практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.
Аргументтерді зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу	ұғымдарын байланыстырады зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	негізделмеген және таяз.	зерттеулерді азнемесе мүлдем қолданбайды.	зерттеулерді мүлдем қолданбайды. Сұраққа жауабы мүлдем сай келмейді.
Жазу, стилі, сауаттылығы	Негізгі ұғымдарын жақсы байланыстырады . Аргументтерді зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу	Қаржылық құқықтық жауапкершілік ұғымдарын байланыстырады. зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	Шектеулі практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	байланысы шамалы немесе жоқ. зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ИО) = 1 сұраққа Балл + 2 сұраққа Балл + 3 үшін Балл

сұрақ = емтихан ұпайы

PK1+PK2

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: _____ · 0,6 +
ИК · 0,4.

2

Мұнда АБ(РК) – аралық бақылау; ҚБ(ИК) – қорытынды бақылау (емтихан).

Бағалау шкаласы силлабуста беріледі:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	